

ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕР НЕГІЗДЕРІ

Какимова М.Ш., з.ғ.к., доцент, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі

Мырзағалы А.Ә., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Құқық дегеніміз мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы. Құқыққа сан алуан түрлі түсінік беруге болады. Құқықты бірнеше мағынада қарастыруға болады.

Құқық мораль, өнеге, дін нормалары тұрғысынан адамның мінез-құлқының бостандығы түрінде көрінеді. Мұнда адам әдет-ғұрып, мораль негізінде оның ресми құқыққа сай келе ме, жоқ па, оған қарамастан іс-әрекет жасау мүмкіншілігі құқығына ие болады. Бұл жерде құқық заңмен және мемлекетпен байланыста болмайды, тікелей қоғам арқылы қамтамасыз етіліп, қорғалады. Бұл құқықтың жалпы әлеуметтік мағынасын ашады. Құқық мемлекетпен қабылданатын және қорғалатын, жалпыға ортақ нормалардың жиынтығы болып табылады.

Құқықтық ілімдер тарихы адамзаттың саясат, билік және оның маңызы, мемлекет және оның нысандары, құқық және онымен байланысты құқықтық қатынастар туралы көзқарастарының дамуын қарастырады. Құқықтық ілімдер тарихы курсына сүйене отырып, заманауи мемлекеттердің құқықтық дамуындағы айырмашылықтарды түсіндіруге болады, себебі құқық институттары көне дәуірде қалыптасып, өзінің даму жолында бірқатар кезеңдерді әрқайсысына үстемдік еткен мемлекет және құқық, олардың әлеуметтік маңыздылығы және өмір сүруінің әр түрлі нысандары туралы белгілі бір көзқарастарға сәйкес кезектілікпен бастан кешіреді. Құқықтық ілімдер тарихы туралы көптеген ғалымдар өздерінің пікірлерін, көзқарастарын көрсетеді, соның ішінде: Рим заңгерлерінің тек құқықтану саласында ғана емес, бүкіл әлемдік өркенитеке қосқан үлесі айрықша. Олар құқықтануды алғаш рет жеке ғылым ретінде қарастырды. Құқықтанудың жеке ғылым ретінде қалыптасуының өзіндік алғышарттары болды. Оның ең бастысы ежелгі грек және рим мәдениетінің қарқынды дамуы еді. Рим империясы көрші мемлекеттерді өздеріне бағындырып қана қойған жоқ, олардың құқықтық тәжірибесін, сот практикасын, саяси істегі құжаттарын Рим тарихына бейімдеп, өзіне тән ерекше құқық жүйесін құрды. Рим құқығы үнемі жетілдірілуде болды. Қазіргі құқықтануды терең түсіну үшін Рим құқығының тарихи дамуымен, оның ерекшеліктерімен, белгілерімен және сол кездегі құқықтық терминдер және түсініктермен де жақсы таныс болу керек.

Ежелгі Римде құқықпен айналысу алғашқы кезде абыздар алқасының бірі понтификтердің ісі болды. Жыл сайын понтификтердің бірі жеке адамдарға алқаның құқық мәселелері жөніндегі позициясын хабарлап отырды. Б.з.д 300 жылдар шамасында құқықтану понтификтерден бөлініп шығады. Құқықтанудың басталуы сол кездегі деректер бойынша Гней Флавияның атымен байланыстырылды. Б.з.д 253 жылы плейбейлерден шыққан алғашқы жоғарғы понтифик Тиберий Корунканий өзінің шәкірттерімен бірге заң мәселелеріне талдау жасап, құқықтанудың бұқаралық оқуын бастады.

Б.з.д II ғасырдың ортасында құқықтанудың, әсіресе азаматтық құқықтың дамуына М.Манилий, П.Муций Сцевола, М.Юний брут едәуір үлес қосты. Претор эдиктысына алғаш рет Сервий Сульпиций Руф түсініктеме берді. Оның шәкірті А.Офилий азаматтық құқық жөніндегі көптеген кітаптардың авторы болды. Офилийдің шәкірті К.Элий Туберон жеке және бұқаралық құқық туралы жазды.

Рим заңгерлерінің қызметі мынадай құқықтық мәселелерді шешуге көмектесті: 1) *respondere* - жеке адамдардың құқық мәселелерді жөніндегі сұрақтарына жауап беру, 2) *cavere*-келісімдер мен мәмілелер (шарттар) жасауға көмектесу және формулаларды хабарлау, 3) *agere*- сот ісіне көмектесу.

Римдік құқықтық өзінің гүлденген кезеңіне республиканың соңғы кезеңі мен империяның алғашқы екі жарым ғасырында жетті. Империяның алғашқы кезеңінен бастап-ақ императорлар құқықтану беделіне сүйенуге және оны өз мүдделеріне бағындыруға тырысты. Осы мақсат үшін Августиннің билік ету кезеңінен бастап атақты заңгерлер император атынан жауап беруге арнайы құқықтар алды. Бұл кезде тек заң қызметкерлері ғана емес, бүкіл құқық беделге ие болды. Қоғамның құқыққа деген осындай көзқарасы құқықтың үстем және әділ болуына көмектесті.

Зандар мен құқықтық нормалар көп өзгеріске ұшырамады. Римдіктер құқық нормасын бұзуға, өзгертуге немесе жоюға асықпады. Құқықтық нормалар тек ешкім қолданбаған жағдайда ғана жойылу керек деген принцип үстем болды. Заң шығару жұмысы құрметті де қиын жұмыс ретінде

бағаланып,оның авторлары халық арасында үлкен тобы пайда болды. Олардың есімдері мен еңбектері қазіргі күнге дейін жетті.

Ульпианның құқық туралы ілімі: Ульпиан бүкіл құқықты бұқаралық және құқық деп бөлді.Өз кезегінде жеке құқықтың өзі үш бөлікке табиғи, халықтық және цивильдік болып бөлінді. Ульпиан халықтар құқығын табиғат құқықтың құрамды бір бөлігі ретінде қарастырады.Құқыққа тән оның қасиеттері және оның құрамды бөліктерінің өзара байланысы мен бірлігі туралы заңгер Павел бірқатар құнды пікірлер айтты.Оның құқықтың бірыңғай сипаты туралы түсіндірмелерінде құқықтың түрлі бөліктеріне қарағанда олардың әртүрлі өзара байланысының мағыналық аспектілері сөз болады. "Құқық" сөзі бірнеше мағынада қолданылады, біріншіден, "құқық", табиғи құқық ретінде, әрқашан да әділетті және қайырымды дегенді білдіреді, ал басқа мағынада "құқық" белгілі бір мемлекетте тұтас бәріне немесе оның бір бөлігіне ғана пайдалы болып саналады.Дегенмен де біздің мемлекетте дұрыс "құқық" ретінде преторлық құқықты атаймыз.

"Құқықты оқып үйрену үшін -деп атап көрсетті Ульпиан - ең алдымен (құқық) сөзінің қайдан шыққанын білу керек, ол (шындық, әділдік) сөзінен шыққан. Цельстің берген тамаша анықтамасында құқық дегеніміз (өнер), (қайырым) және (теңдік және әділдік).

Ульпианның пікірінше, шындық пен әділдік, әркімге өз құқығын тұрақты және үздіксіз беру болып табылады.Құқық әділдігі туралы осындай жалпы түсініктен Ульпиан "адал өмір сүру, басқаға зиян келтірмеу, әркімге өзінің қажеттігін алуға мүмкіндік беру" деген қорытынды жасады.

Рим заңгерлерінің еңбектерінде заң туралы түсініктемесі едәуір орын алады. Мысалы, Папиниан заңға мынадай анықтама береді, "Заң дегеніміз - ақылды адамдардың ұйғарымы мен шешімі, әдейі немесе абайсызда жасалатын қылмысты ауыздықтауы, мемлекеттің жалпы қорғаны" қарапайым тілмен айтқанда, келтірілген заң анықтамасында оның жалпы құндылығы, ақылға қонымдылығы, әлеуметтілігі, жалпы мемлекеттік сипаты (заңды мемлекеттің қорғауы және орындау міндеттілігі мағынасында) келтірілген.Тағы бір Рим заңгері Марциан заң сипатына анықтама беруде гректің ұлы ойшыл-шешені Демосфеннің сөзін келтіреді.Оның айтуынша (заң дегеніміз-барлық адамның әртүрлі күштер жағдайында бағынышты болуы, яғни, кез келген заңның адам ойының (ойлап табуы), құдайдың сыйы, ақылды адамдардың шешімі болып жеңіс табылатындығында" ал заңгер Модестин заңның күшін оның "бұйыру, тиым салу, жазалау" қасиеттерінде деп есептейді.Рим заңгерлері жеке құқық, әсіресе цивильді құқық мәселелерін талдауға басты көңіл бөлді. Гай цивильді құқыққа халықтар өзі жасаған құқық ретінде түсінік береді.Оның айтуынша, рим халқының азаматтық құқығы, оның ішінде жеке құқығы заңдардан, плебейлердің шешімдерінен, сенаттың қаулыларынан, императордың жарлықтарынан, магистраттардың эдиктерінен және заңгерлердің жауаптарынан тұрады.

Цивильдік құқық саласында рим заңгерлері меншік, отбасы, өсиет, шарт мәселелеріне жан-жақты талдау жасады. Мүліктік қатынастарды реттеуде олар жеке меншікті қорғау позициясында болды.Олар меншік құқығын затты абсолютті түрде иелену және пайдалану деп түсіндіреді.Яғни зат иесі затты жоюға да құқылы.Бірақ, меншік иесінің құқығы қаншама кең болғанымен, ол басқалармен санасуға міндетті.

Рим заңгерлерінің құқық туралы ілімі құқықтық ойдың одан кейінгі дамуына үлкен ықпалын тигізді. Рим құқығының мықтылығы мен сапалылығын дәлелдейтін жағдайлар өте көп. Әлемді үшінші рет құқығымен жаулап алған (бірінші рет әскерлерімен, екінші рет христиан дінімен) римдіктердің әлемдік құқықтануға қосқан үлесі орасан зор. Римнің бірнеше ғасырлық классикалық тарихы оның құқықтық дамуын бүкіл әлемдік тарихи маңызды оқиғаға айналдырды. Рим құқығы кейінгі дәуірлерде көптеген мемлекеттердің құқық жүйесінің негізін қалады.Рим құқығымен айналысқан заңгерлер мен ойшылдар да оның ұзақ ғасырлық тәжірибесін жоғары бағалады. Қазіргі уақыттағы қолданыстағы құқық терминдері мен анықтамалары да ежелгі рим құқығы дамуының жетістіктері болып табылады [1, 28].

Гроций өзінің ілімінің заңды тұрғысынан негіздей отырып, юриспруденцияның пәні-құқық пен әділеттілік сұрақтары деп белгілеген. Гроций бойынша құқықтануға ғылыми нысан беру үшін бекіту арқылы пайда болғаннан табиғатынан пайда болғанды бөлу қажет, себебі ғылыми нысанға тек өзі-өзіне теңестірілген және заттардың табиғатынан пайда болғанын ғана кешіктермеуі мүмкін, ал бекіту арқылы пайда болған белгілі бір ғылыми жүйеден айырылған басқа біртектес заттарға ұқсас, әр жерде әр қилы уақыт аралығында өзгеріп отырады [2, 82].

Холмс зерттеуі бойынша құқық көздерін адам өзіне зиян келгенде, оны өтеуге байланысты пайда болған тірліктен алу керек.Осыған сәйкес құқықтық дамуы адам болмысының басым шартына тәуелді, сол кезеңнің моральдық, саяси теориясы бар қажеттілігінен, саяси қызмет саласындағы болжамнан болып табылады. Холмс үшін ел Конституциясы - әлеуметтік

эксперимент, осы маңында оны адам өмірімен салыстыруға болады, ол да өзінің "Эксперименттік құқық жолы" деген еңбегінде сол кездегі прагматизм рухына сәйкес былай деді: құқықты қарастыратын объект сот арқылы көпшілік күшін пайдалану сферасын құрайды. Құқықтану үшін адам моральдық және таза формальдық ойдан кетуі керек, ол өзіне моральдық емес субъект ретінде қарауы керек, яғни ол материалдық игіліктер мен шығындар туралы ғана ойлайды. Осыларды негізге алып Холмс құқыққа мынадай анықтама берді: құқық сот тәжірибесінде қандай қызмет ететінін қарастырады. Заңды құқық дегеніміз - адам керек нәрсені істемесе не дұрыс істемесе соған байланысты адамды қалай жазалауға байланысты шығарылған соттың шешімі. Холмс құқықты эмперикалық ғылыммен жақындастырады. Ғылымның соңғы мақсаты: біздің әртүрлі әлеуметтік мақсатымыздың құндылығын анықтау. Холмс құқықта позитивистер сияқты билікті - мәжбүрлеу мен заңды пайымдарды қарастырған жоқ, ол соттың құқықшығармашылық және құқық қолданушылық қызметін мойындады. Холмс былай дейді: адамдар басқа салада сияқты құқықта да өз сезімдері мен көзқарастарын сыртқа шығара алады. Себебі құқық басқарудың көмекші құралы ретіндегі философиялық-құқықтық дәстүр ретінде қабылданбайды, бірақ әрқашанда жақсылықпен, әділдікпен ортақ мүддемен сәйкестенеді [3, 34].

Аристотельдің айтуы бойынша, ізгіліктер қатарына өзгелерінің барлық қасиеттерін жинақтайтын біреуі бар, бұл әділеттілік. Әділеттіліктің екі түрін ажыратады. Бөлуші әділеттілік өлшемі-мәртебелілік. Мәртебе әр түрлі кезеңде әр түрлі деңгейде түсіндіріледі: олигархияда - байлық, аристократияда намыс басты орынға қойылады. Бөлуші әділеттілік қағидасы: құндылық оған лайықты адамдарда көбірек болуға тиісті. Құндылықтарға адамның қоғамдық жағдайы, оған көрсетілетін құрмет, билік жатады. Теңгермелі әділеттілік адамдарды тең деп таниды, ал мәртебе маңызсыз деп санайды.

Аристотель тұңғыш рет саясат ғылымы туралы талдау жасауға талпыныс жасады. Аристотельде саясат ғылым ретінде этикамен тығыз байланысты. Оның көзқарасы, бойынша саясатты ғылыми тұрғыдан түсіну адамгершілік пен этиканың дамыған ұғымы болып табылады. Этика саясаттың бастауы, оның кіріспесі ретінде көрінеді. Аристотель әділдіктің екі түрін — теңестіретін және үлестіретін түрлерін анықтайды. Теңестіретін әділдіктің өлшемі ретінде «арифметикалық теңдік» қарастырылады.

Мемлекет формасын Аристотель мемлекеттегі жоғары билікті білдіретін саяси жүйе ретінде сипаттайды. Бұл жерде мемлекет формасы билеушілердің санымен (біреу, аз ғана топ, көпшілік) анықталады. Бұдан басқа мемлекеттің дұрыс және бұрыс формалары туралы да айтылады. Дұрыс формадағы билеушілер көпшіліктің мүддесін қорғаса, бұрыс формадағы билеушілер тек қана өздерінің жеке басының мүдделерін көздейді. Аристотельдің пікірінше, дұрыс формадағы мемлекеттерге монархиялық, аристократиялық және полиция, ал екінші формаға тирания, олигархия және демократия жатады. Мемлекеттің ең дұрыс формасы ретінде Аристотель полицияны айтады. Полицияда жалпының мүддесі үшін көпшілік билік құрады [4, 52].

Адамдардың табиғи және тарихи қауымдасуын Полибии олардың жануарлар сияқты қорғансыздығы мен әлсіздігінен, осыдан келіп тобырға басшылық жасаудың қажеттілігін түсінуінен деп ұғындырады. Алғашқы кезде өзінің күшімен және батылдылығымен тобыр көсемі болғандар бірден билікті өз қолдарына алып, бұл билікті табиғи заңдылық ретінде пайдаланды. Мемлекеттің демократиялық басқару формасының алғашқы кезеңінде бостандық пен еркіндік жоғары бағаланады. Бірақ басқалар есебінен өмір сүруге дағдыланған тобыр өздерінің көсемін сайлап, демократиялық билікті құлатады және мемлекет билігінен бойын аулақ салады. Демократия охлократияға айналады. Бұл жағдай ізгілікті мемлекеттің ең нашар түрі ретінде көрінеді және басқару формаларының ең соңғы сатысы болып есептеледі. Мемлекеттік билік формаларының ауысуын сипаттай келе, Полибий басқарудың ең тиімді формасы ретінде патшалық биліктің, аристократияның және демократияның ең жақсы тұстарының араласқан формасын ұсынады. Оны басқарудың аралас формасы туралы ойлары мемлекет, құқық және билікті бөлу теориясында одан әрі дамытылды.

Цицеронның құқық негізі туралы ойы: құқық негізі - әділеттілік. Әділеттілік - мәңгілік өзгертілмейтін, табиғаттың, адам табиғатының ажырағысыз қасиеті. Табиғат-ғарыш, адамды қоршаған физикалық, әлеуметтік дүние, адам қатынасының үлгілері, адам тұрмысы. Оған сана, заң түзеу, белгілі дәрежедегі тәртіп тән. Осы табиғи рухтың қасиеті табиғи құқықтың түп нұсқасы, иесі болып табылады. Цицерон табиғи және позитивті заңдарды ажыратып қарастырады. Табиғи заңға мынадай қасиеттері тән:

- қай заманда да әділетті: «Әділеттіліктің бірінші ережесі ешкім ешкімге өзгенің әділетсіздігімен мәжбүр етілмесе, зиян келтірмеуге тиісті, кейін барлығы ортақ меншікті ортақтай, жекені өзінікіндей пайдалану болып табылады»;

- саналы ережелерді мазмұндайды;
- тумысынан беріледі, мәңгі және тұрақты;
- жазылмаған нұсқада әрекет етеді;
- қандай да болмасын «жазба заңдардан, дұрысы қандай да болмасын мемлекет құрылғаннан бұрын» пайда болады;
- оның күшін «Сенат қаулысымен де, халық қаулысымен де» толықтай жою мүмкін емес;
- барлық адамдарға таралады: «Шынайы заң – табиғатқа тиісті, барлық адамдарға таралатын, тұрақты, мәңгі саналы ереже, бұйыра отырып, парыз атқаруға шақырады; тыйым сала отырып қылмыстан тияды».

Цицерон әділетсіз позитивті заңдардың болу мүмкіндігін таниды, оларды «заң атауына лайықтылығы қарақшылардың ортақ келісімне сай қабылданған шешіміндей» деп бағалайды [5, 23].

Аквинский ілімі бойынша адамзат заңы табиғи заңға қарсы келмеуге тиісті. Табиғи заң бірлесіп өмір сүру заңы ретінде түсіндірілгендіктен, адам заңының табиғи заңға сәйкес келуі қажеттілігі басқарушылардың қоғамды босаңсытып жібермеу міндеттілігін негіздейді.

Құқық – адамзат қоғамына құдайылық тәртіпте таралатын әділеттіліктің әрекеті. Әділеттілік әркімге өз құқығын табудың тұрақты еркі ретінде сипатталады. Әділеттілік теңгермелі, айырбас және бөлуші болады. Теңгеру тәсілдері екі түрлі: заттар табиғатына сай немесе адам тағайындауына сай. Осыдан құқықты табиғи және жағымды құқыққа бөлу шығады.

Онда мемлекеттік органдардың барлық нормативтік актілері өзінің мазмұны және бағыттылығы, қабылдау және рәсімдеу процедурасы, іске қосу ерекшеліктері, қолдану сипаты, тәртіп бұзушылықтың жүзеге асырылуы мен қорғау жөнінен құқықтың жоғары критерийлеріне сай келеді. Заң құқықтық принциптердің жүйелігіне негізделеді.

Қорытындылай айтатын болсақ, құқықтық ілімдер тарихын оқып-зерттеудің танымдық, мәдени және тәрбиелік маңызы ерекше. Ол әлемнің көпжақтылығын және бірлігін, мемлекеттіліктің, құқықтың мызғымастығы, заңды сақтау және адам құқықтарын қорғау негізінде дамыту қажеттілігін көруге, түсінуге көмектеседі, отансүйгіштік және әлемдік өркениет жетістіктеріне, жалпы адамзаттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеуге, құқықтық идеялар мен институттардың даму тенденцияларында дұрыс бағдар алуға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006.- 340 б.
2. Алимов С. Құқықтық және саяси ілімдер тарихы. – Алматы: Бастау, 2011 – 287 б.
3. Байжанова К.Т. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы. - Қарағанды.:Болашақ-Баспа,2006.- 34 б.
4. Көбеев Е.Қ., Ахметова Н.С., Байжанова К.Т. Саяси құқықтық ілімдер тарихы. - Қарағанды.: ҚарМУ баспасы, 2013. – 268 б.
5. Гаипов З.С., Жандосова Ш.М., Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. Саяси ілімдер тарихы. – Алматы: 2015. – 192 б.

ГАРМОНИЗАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВ В РАМКАХ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ

Ратаева Д., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова

В правовой сфере сотрудничающих государств и межгосударственных объединений часто возникает потребность в совместном решении общих задач и согласованных действиях. А отсюда и необходимость в гармонизации национальных законодательств. Процесс гармонизации означает: выработку общего курса правового развития; осуществление мер по преодолению правовых различий; принятие мер по выработке общих, совместных или единых юридических правил. Каждое из этих действий предполагает, в свою очередь, серию более конкретных и последовательных действий, связанных между собой. Гармонизация национальных законодательств - правовая процедура приведения национальных актов в такое соотношение с правовыми актами Сообщества, при котором национальные акты по своему содержанию, направленности, правовым последствиям и принципам правового регулирования аналогичны (однородны) правовым актам Сообщества при различии мер, осуществляемых государственными